

Мемлекеттік тілді оқыту курстары оқытушысын іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қостанай филиалының 2024 жылға арналған мемлекеттік тілді оқыту курстары оқытушысын іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысуға арналған құжаттар 2023 жылдың 23 – 30 қараша аралығында мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 195 үй, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қостанай филиалы, № 310 кабинет бойынша конкурсқа қатысушының кері мекенжайы көрсетілген мөрленген конвертте (қолма-қол немесе поштамен) немесе Dinara.Bazarbayeva@nationalbank.kz электрондық поштасы бойынша электронды түрде қабылданады.

Конкурстық іріктеуге қатысушыларға қойылатын талаптар:

- «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» немесе аталғандарға ұқсас мамандық бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) филологиялық білімі;

- қазақ тілін оқыту тәжірибесі кем дегенде 5 (бес) жыл;

- ғылыми дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы (құптарлық).

- конкурстық іріктеуге қатысушының түйіндемесі;

- жеке басты куәландыратын құжаттардың көшірмелері (жеке тұлғалар үшін);

- жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

- кәсіби деңгейін растайтын өзге құжаттардың көшірмелері (ұсынымдар, мінездемелер, сертификаттар, ғылыми дәрежелі және (немесе) атақтарының, санатының, ғылыми жарияланымдарының болуы туралы құжаттар) (бар болса).

Құжаттар қолма - қол немесе пошта арқылы мөрленген конвертте немесе электрондық пошта арқылы белгіленген мерзімде қабылданады.

Ұсынылған құжаттарды қарау қорытындылары бойынша конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурстық іріктеуге қатысушылардың құжаттарының белгіленген талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы шешім қабылдайды және конкурстық іріктеуге қатысушыларды әңгімелесуге қатысуға рұқсат беру не рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия шешім қабылдағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

- кандидаттарды әңгімелесу өткізу күні туралы;

- әңгімелесуге рұқсат беруден бас тарту алған конкурстық іріктеуге қатысушыларды конкурстық комиссияның шешімі туралы хабардар етеді. Мемлекеттік тіл курсының оқытушысымен мемлекеттік тіл курсын өткізу бойынша ақылы қызмет көрсету шарты жасалады. Бір академиялық сағаттың құны 7000 (жеті мың) теңгені құрайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен жеке табыс салығының, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарнасының және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарнаның сомасы ұсталатын болады.

Байланыс деректері: Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 195 үй, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесінің Қостанай филиалы, құжаттар № 310-кабинетте қабылданады, жетекші маман - аудармашы (каз.) Базарбаева Динара Сериковна, тел. 8(7142) 99-09-10 (ішкі н.3634), e-mail: Dinara.Bazarbayeva@nationalbank.kz.

Құжаттар топтамасын толық ұсынбау конкурстық комиссияның оларды қараудан бас тартуына негіз болып табылады.